

С.Ж. Ерғалиева^{1*}, М.А. Уайханова¹, С.В. Оленев²

^{1,2}*Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан*

²*Кемерово мемлекеттік университеті, Ресей*

(e-mail: samal17.12@mail.ru, mira.p2011@mail.ru, stanislav.olenev@gmail.com)

Саяси дискурстың лингвоаксиологиялық әлеуеті (қазақстандық интернет-түсіндірме материалдары негізінде)

Зерттеу нысанына қазақстандық саяси интернет-түсіндірмелер алынды. Оны таңдау әртүрлі жанрлардың пайда болуына ықпал еткен ақпараттық технологиялардың дамуымен негізделді және тіл мен адамның өзара байланысы лингвистикалық бағытта зерттелді. Зерттеудің мақсаты – лингвоаксиологиялық мәтін сөзжасамы аспектілерінде қазақстандық саяси интернет-түсіндірмелердің мәтін құрудағы құндылық факторын анықтау. Зерттеу пәні – интернет-түсіндірмелерде жүзеге асырылатын бастапқы мәтіннің құндылық әлеуеті мен виртуалды тілдік тұлғаның құндылық параметрлерінің арақатынасы. Бұл объектіні зерттеу үшін теориялық материалды жинау және контекстік талдау әдістері, салыстырмалы, жалпылау, сипаттау әдістері және деректерді сандық өңдеу әдісі қолданылды. Объектіні зерттеу формальды, мазмұндық және функционалдық жоспарларда қарастырылатын туынды мәтіндердің мәтін сөзжасамы және лингвоаксиологиялық талдау моделіне негізделді. Зерттеу нәтижелері қазақстандық интернет-түсіндірмелердің мәтіндері құндылық әлеуетімен басым екенін көрсетті. Қарапайым саяси дискурстың құндылық әлеуетінің деңгейі туынды мәтінді жасауда бастапқы мәтіннің қолданылатын кілтті сөздерінің санымен анықталды. Зерттеудің ғылыми жаңалығы қазақстандық виртуалды кеңістікте интернет-түсіндірмелерді құрастыру мәтіндік қызметтің доминантын лингвоперсонологиялық және лингвоаксиологиялық ұғынудан көрінеді.

Кілт сөздер: құндылық, саяси, дискурс, түсініктеме, кілт сөз.

Kіpіcne

Саяси дискурс әлеуметтік өнім болып табылады және осыған орай ол қарама-қарсы саяси, әлеуметтік, мәдени және лингвистикалық нысандарды өзара біріктіреді. Қазіргі жағдайда әлемдік саяси және лингвомәдени кеңістікке интеграцияланатын саяси дискурс, бір жағынан, өзінің этномәдени ерекшелігін сақтаса, екінші жағынан, жеке авторлық маркерлерді бойына жинақтайды.

Әдеби сипаттама

А.Н. Баранов, О.В. Михайлова, Г.А. Сатаров, Е.А. Шипованың еңбектерінде тіл бұқаралық қарым-қатынас құралдарының белсенді қызметі арқылы әлеуметтік биліктің көзі болып табылатын ықпал ету құралына айналады деп есептеледі [1; 5]. Тіл арқылы оның тұтынушысына ықпал етуге, оны категориялау құралы ретінде қолдануға, сонымен қатар саяси құбылыстарды түсініп, оны қажетті және тиімді түрде жұмсай алуға болады.

Б.А. Ахатованың түсінігінше, «саясат сөз арқылы қабылданады және түсіндіріледі, оның көмегімен саясаткерлер шынайы мақсаттарды хабардар етеді, жасырады, сендіреді, ұсынады, түсіндіреді, қажетінше қолданады және басқарады. Сондықтан кез келген сөз қандай да бір саяси жүк артады» [2]. Сондай-ақ саяси дискурсты зерделеу кезінде тілдің, сананың және қарым-қатынастың өзара байланысы; қатысушылардың ниеті, олардың мәртебелік-рөлдік қатынастары; құндылық бағдарлары; эмоционалдық жағдайы; мәдени ерекшеліктері және әлеуметтік-ситуациялық және коммуникативтік бағыттың көптеген басқа да сипаттамалары ескеріледі.

А.П. Чудиновтің айтуынша, «анда-санда болса да газет оқитын, радио немесе теледидарды көретін адам саяси қатысымның адресатына айналады» [3; 6]. Ғалым саяси қарым-қатынас тек ақпараттандырып қана қоймай, сонымен бірге оның адресатына эмоционалды түрде әсер ететінін, осылайша әлемнің саяси бейнесін адам санасында өзгертуге ықпал ететінін атап өтті. Сондай-ақ А.П.Чудинов тілшілерді қызықтыратын негізгі зерттеу нысандарын – тіл, ойлау, саяси қызмет субъектілері арасындағы байланысты, қоғамның саяси жағдайын, саяси сөйлеу жанрларының

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: samal17.12@mail.ru

мәселелерін (ұран, паракша, бағдарлама, газет мақаласы, митингідегі сөйлеу және т.б.) және саяси мәтіндердің жұмыс істеу ерекшеліктерін анықтайды.

Интернеттің пайда болуымен қарым-қатынастың жаңа тәсілдері де жүзеге аса бастады. Бұл әртүрлі саладағы жаһандық өзгерістерге әкелді. Ол ақпарат алу жолын ашып қана қоймай, тез және тиімді қатынас орнатуға ықпал етті. Интернет виртуалды кеңістікте уақыт пен пайдаланушылардың қалауына орай қатынас ортасын құрды. Виртуалды кеңістікте бүкіл қоғам өздерінің қажеттіліктерін ауызша және жазбаша байланыс формалары арқылы жүзеге асырады. Сонымен қатар ол ғалымдардың, соның ішінде тілшілердің зерттеу нысанына басқа бір қырдан қарауға мүмкіндік берді, жаңа ғылыми жаңалықтарды шешуде тың сұрақтардың пайда болуына әкелді.

Зерттеу нысаны: қазақстандық саяси интернет-түсіндірмелердің мәтіндері.

Осы интернет мәтіндерін көптеген отандық және шетелдік тілшілер белсенді түрде зерделеуде (Е.Н. Галичкина, Е.И. Горошко, О.В. Лутовинова, Л.Ю.Шипицина, И.Г. Сидорова, J.D. Bolter, S.C. Herring, D. Crystal, A. Derakhshan, S. Hasanabbasi, H. Pölda және т.б.).

И.Г. Опарина қазіргі қоғамдағы интернет-байланыстың танымал болуының бірқатар дәлелдерін ұсынады: 1) интернеттің пайдалы техникалық жабдықталуы; 2) ерекше психологиялық қатпары бар пайдаланушылар; 3) қазіргі қоғамдағы тұлғааралық өзара алмасу ерекшелігі [4; 8].

С.И. Агаюлова өзіндік көзқарастары бар пайдаланушылардың метатілдік санасындағы «интернет» концептісі жайлы түрлі түсініктерін келтіреді: «Интернет – байланыс құралы»; «Интернет – ақпарат көзі»; «Интернет – бұл орын»; «Интернет – бұл қауымдастық», «Интернет – бұл ойын-сауық»; «интернет» ұғымын күнделікті түсінумен қатар, оны кәсіби тұрғыдан да таниды: «Интернет – бұл технология»; «Интернет – өмір салты»; «Интернет – бұл жұмыс орны»; «Интернет – шексіз мүмкіндіктер көзі»; «Интернет – бұл есірткі» [5; 12-13].

Жұмыста интернеттің коммуникативтік саласы қарым-қатынас кеңістігі ретінде сипатталады және зерделенеді, онда адамзат технологиялық мүмкіндіктер арқылы белсенді қарым-қатынасқа түседі, сөйлеу әрекеттерін жүзеге асыруға жағдай туғызады, коммуниканттардың эмоционалдық халін көрсететін және виртуалды шындықты жандандыратын жаңа форматтағы түрлі мәтіндерді жасайды.

Интернет байланысының жанрлары екі түрге бөлінеді: канондық және канондық емес. Бірінші түрге бұрын бар және интернет ортасына тәуелсіз жанрлар жатады, екінші түрге басқа жерде емес, интернет кеңістігінде пайда болған жанрлар енеді. Соңғысына чат, электрондық пошта, форум, блог, ойын порталы, әлеуметтік желі, ICQ кіреді [6; 214].

Е.И. Горошко мен Е.А. Жигалина гипержанрлар барын айтады. Оларға блог, сайт, электрондық кітапхана, әлеуметтік желіні жатқызады. Гипержанрдан басқа интернеттің өзіндік жанрларын да көрсетеді. Олар: форум, электрондық хат, хабарландыру тақталары, чат, жарнама баннерлері, виртуалды конференция, автордың посты немесе жазбасы, хабар және түсіндірмелермен жедел алмасу бағдарламалары арқылы байланыс [7; 110-124].

Жұмыста зерттеуге қызығушылық тудырған жаңа мәтін форматы ретіндегі интернет-түсіндірмелердің мәтіндері алынды.

Интернет-түсіндірмелер Н.Б. Лебедева тұжырымына негізделген табиғи жазбаша сөйлеу жанрында қарастырылады. Ғалым бұл құбылыстың басты белгілерін көрсеткен және оны «ауызша / жазбаша сөйлеу» және «табиғи / жасанды сөйлеу» парадигмасы тұрғысында зерттеген [8; 15].

Тестілер интернет-түсіндірме мәтіндері секілді табиғи жазудың нәтижесі болып табылады. Олар әртүрлі субстраттарда ұсынылады және интернет-түсіндірмелерде кәсіби, қолма-қол түрде емес, жазбаша форманың, табиғилықтың белгісі түрінде басым келеді [8].

Е.В. Холодковскаяның пікірінше, интернет-түсіндірме – мотивациялық объектіні бағалауға бағытталған мәлімдеме. Ол динамизммен, нақтылықпен, экспрессивтілікпен ерекшеленеді [9; 7]. Е.Ч. Дахалаеваның ойынша, интернет-түсіндірмелер микро-хабарламалар болып табылады [9].

Саяси мақалалардың берілген интернет-түсіндірме мәтіндерін талдау кезінде олардың қолма-қол шығарылғандығын аңғаруға болады. Себебі интернет-ресурстарды пайдаланатын кез келген адам интернет кеңістігінде қалаған пікірін қалдыра алады. Саяси мәселелер кәсіпқойлыққа қарамайды: ол жас не кәрі, ер не әйел адам, кәсібі және ұлты да әртүрлі болуы мүмкін.

Зерттеу пәні: интернет-түсіндірмелерде іске асырылатын бастапқы мәтіннің құндылық әлеуеті мен виртуалды тілдік тұлғаның құндылық параметрлерінің арақатынасы.

Зерттеу мақсаты – лингвоперсонологиялық және лингвоаксиологиялық аспектілерде қазақстандық саяси интернет-түсіндірмелердің мәтін сөзжасамы пайда болуының құндылық факторын анықтау.

Зерттеу міндеттері:

- бастапқы мәтінді туынды мәтінмен (интернет-түсіндірмемен) формальды, мазмұнды және функционалды тұрғыда салыстыру;
- интернет-түсіндірме мәтіндерінің пайда болуына ықпал еткен кілтті сөздер санын анықтау.

Зерттеу әдістері мен нәтижелері

Зерттеу барысында теориялық материалды жинау және контекстік талдау әдістері, салыстырмалы, жалпылау, сипаттау әдістері мен деректерді сандық өңдеу әдісі пайдаланылды.

Лингвистикалық талдау материалы ретінде Nur.kz. жаңалықтар порталындағы «Қазақстандықтардың санасы қалай өзгереді» [10] деген саяси мақала алынды. Мақала төрт бағыттан тұратын азаматтық қоғамды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасының жобасын әзірлеу мәселесіне арналады.

Материалды таңдау кезінде ең көп түсіндірме берілген саяси мақалаға назар аударылды, саяси мәселелерді қарастыратын мақала мәтіндерін интернет-түсіндірме мәтіндерімен салыстыра талдау жүргізілді. Алдымен, туынды мәтінде (интернет-түсіндірмеде) сақталған кілт сөздер мен формаға, одан кейін оның мазмұндық жағына көңіл бөлінді.

Саяси мәселенің оқырманы ретінде қатыса отырып, әлемнің тілдік бейнесінің бір бөлігі болып табылатын реципиенттің күнделікті санасы бастапқы мәтінге енгізілген белгілі бір құндылықтарға база назар аударады. Осылайша түсіндірме қалдыра отырып, оқырман тілдесімге қатысушы адамға айналады. Ол мәтінді қабылдау нәтижесінде назарын өзіне маңызды болып табылатын құндылық компоненттеріне бұрады. Бұл туынды мәтінді құруға түрткі болары анық. Құндылықтарды жүзеге асыру белгілі бір тілдік құралдар арқылы жүргізіледі. Олар кілтті сөздер ретінде көрінеді. М.В. Бецтің пайымынша, «тілдік тұлғаның мәтін сөзжасамы қызметін зерттеу оның әлемнің құндылық бейнесін қалпына келтіруге, бастапқы мәтін мен тілдік тұлғаның өзара байланысын анықтауға көмектеседі» [11; 60].

Материалды талдау, ең алдымен, мақаланың өзінде көрсетілгеннен бөлек интернет-түсіндірме мәтіндерінде де кілтті сөздерді анықтауға негізделді. «Мәтіннің кілт сөздері жеке адамның жұмыс жадына оның ұзақ мерзімді жадынан алынатын ассоциативті мәндердің құрылымдарымен байланысын жандандырады, содан кейін білімнің тұтас минималды бірлігі ретінде қызмет атқаратын интегративті кешендерді қалыптастыру процесінде қолданылады» [12; 125].

Қорытынды және талқылау

Сандық деректерді есептеу нәтижелері келесі кестеде келтірілген:

К е с т е 1

№	Кілт сөздер	Түсіндірілген кілт сөздер саны
1	баға	18
2	шенеунік, билік	15
3	бензин	9
4	егіс және егін жинау	6
5	Ресей	5
6	мұнай	4
7	өнім	2
	Жалпы	59

№1 кестеде бастапқы мәтіннің (саяси мақаланың) мазмұнынан туынды мәтінді (интернет-түсіндірмені) шығару үшін түсіндірмешілер таңдаған кілтті сөздердің тізімі берілді. Көпшілігі кілт сөз ретінде «баға», «Ресей», «шенеунік, билік», «егіс және егін жинау», «бензин», «мұнай», «өнім» сынды бірліктерді алған. Бұл көрсеткіш түсіндірмелердің бастапқы мәтнінде айтылған тақырып саласында жасалғанын, өз пікірлерін объективті түрде білдіргендігін көрсетеді.

Осы кілт сөздер бойынша бірнеше мысал келтірейік:

Алмаз 789. Бағаны көтеруге кім рұқсат берді? Энергетика министрлігі қандай дағдарысты күтуде? Баға көтерілді, яғни бірдеңе болған шығар! Қазірдің өзінде балалар бензин бағасының өсуі азық-түлік, тауарлар, қызметтер бағасының өсуі екенін түсінеді! Мырзалар, қандай шара қабылдап жатырсыңыздар? Оған кім жауап береді? Тағы да облыс әкімдері кінәлі ме? (**Алмаз789** Кто разрешил

поднять цену? Какой кризис ждёт Минэнерго? Цена поднялась, значит, уже что-то идет не так! Уже дети все понимают, что рост цен на бензин – это рост цен на продукты, товары, услуги! Ваши какие меры предприняты, господа? Кто за это отвечает? Опять акимы области виноваты?) [10]. **Алмаз 789** атты түсіндірмеші риторикалық сұрақ түрінде кілт сөздерді қолдана отырып саяси мәселені түсіндіреді. Ол өзінің құндылықтар жүйесіне маңызды болып табылатын барлық қажетті сұрақтарды қозғайды. Оның мәтіні, негізінен, саяси мәселеге объективті көзқарасын білдіретін «баға», «бензин бағасының өсуі» сынды кілт сөздер негізінде жасалады. Интернет-түсіндірмешінің мәтінін бұлай беру оқитын материалдың негізгі идеясына ішінара сәйкес келеді. Бұл жағдайда «баға» кілтті сөзі **Алмаз789** атты тілдік тұлғаның құндылық параметрін жеткізуге ықпал етеді. Түсіндірмеші бұл сөйлемде: «Қазірдің өзінде балалар бензин бағасының өсуін азық-түлік, тауарлар, қызметтер бағасының өсуі екенін түсінеді!» («Уже дети все понимают, что рост цен на бензин – это рост цен на продукты, товары, услуги!»), – деп, өзінің көзқарасын нақты білдіреді. Ол, ең алдымен, азық-түлік, тауарлар мен қызметтер бағасының өсуіне алаңдайды.

Азамат555. Енді азық-түлік бағасы, содан кейін жолаушылар тасымалы, кейін қызметтер көтеріледі, бұл билік мүлдем пайдасыз, 30 жыл бойы ұйықтап жатыр, ештеңеге жауап бергісі келмейді. Германия соғыс кезінде өзінің техникасына жанармай жетіспегендіктен жеңіліп қалды, КСРО мұнай бағасының төмендеуіне байланысты құлады (**Азамат555.** Теперь цены на продукты поднимутся, потом на пассажирские перевозки, потом на услуги, эта власть абсолютно бесполезная, спят вот уже 30 лет, ни за что не хотят отвечать. Германия когда-то проиграла войну из-за отсутствия топлива для своей техники, СССР развалился из-за снижения цен на нефть) [10]. Түсіндірмеде «баға» кілт ретінде сөзі қолданылған. Бұнда **Азамат555** атты комментатор оны азық-түлік, тасымалдау және қызмет бағасының өсуімен байланыстырады және жағдайды тарихи мысалдармен пайымдап, ойын жалғастырады. Көріп отырғанымыздай, түсіндірмешінің құндылық параметрлері басты семантикалық жүк арқалаған кілт сөздер арқылы көрінеді. Осылайша интернет-комментатор әлемінің қарапайым бейнесі суреттеледі. Нақтыласақ, оның әлемдік қарапайым бейнесінде бензин бағасының өсуі салдарынан күтілетін нәтиже сипатталады. Сондай-ақ комментатордың әлемге деген көзқарасы бойынша мәселені шеше алмаған билікке деген теріс көзқарас қалыптасады. Ол барлық тарихи маңызы бар оқиғаларды көтерілген проблемаға тіреп, оны жаһандық деңгейге қарастырады.

Хотабыч. 1948 жылғы 10 сәуірде КСРО Одағының Министрлер Кеңесі орта есеппен келесі тауарларға бірыңғай мемлекеттік бөлшек сауда бағаларын төмендетуге шешім қабылдады: «Москвич» жеңіл автокөлігіне 10%, мотоциклдерге 20%, велосипедтерге 20%, аңшылық мылтықтарға 15%, тігін машиналарына 10%, «Рекорд» және «Родина» радиоқабылдағыштарға 10%, динамикалық репродукторларға 20%, патефондарға 20%, баяндарға 10%, аккордеондарға 12%, «Москва» фотоаппараттарына 10%, театрлық бинокльдерге 10%, металдан жасалған қалта және қол сағаттарына 12%, зергерлік күміс және металл галантереяларына 20%, пластмассадан жасалған көптеген тұтынатын тауарларға 20%, папиростар, сигаралар мен сигареттерге 10%, парфюмерлік-косметикалық тауарларға 10%, примустар, керогаздар мен электрплиталарға 10%, арак, ликер-арак бұйымдары, шараптар мен алкогольсіз сусындарға 20%, қара уылдырыққа 10%, кета уылдырығына 20%, дәрумендерге 20% (**Хотабыч.** 10 апреля 1948 года Совет Министров Союза ССР постановил снизить единые государственные розничные цены на следующие товары в среднем: автомобили легковые «Москвич» на 10%, мотоциклы на 20%, велосипеды на 20%, охотничьи ружья на 15%, швейные машины на 10%, радиоприемники «Рекорд» и «Родина» на 10%, репродукторы динамические на 20%, патефоны на 20%, баяны на 10%, аккордеоны на 12%, фотоаппараты «Москва» на 10%, бинокли театральные на 10%, часы металлические карманные и наручные на 12%, ювелирная серебряная и металлическая галантерея на 20%, ряд товаров широкого потребления из пластмасс на 20%, папирасы, сигары и сигареты на 10%, парфюмерно-косметические товары на 10%, примусы, керогазы и электроплитки на 10%, водка, ликероводочные изделия, вина, и безалкогольные напитки на 20%, икра черная на 10%, икра кетовая на 20%, витамины на 20%) [10]. Алдыңғы интернет-түсіндірмелердегідей, **Хотабыч** атты комментатордың мәтіні де «баға» кілтті сөзі арқылы жасалады. Айырмашылығы: алдыңғы **Алмаз789** және **Азамат555** атты түсіндірмешілердің мәтіндері объективті түрде құрылған және мәтіндері мазмұндық (семантикалық) жағынан бастапқы материалдың негізгі идеясына сәйкес келеді. Ал **Хотабыч** атты түсіндірмешінің мәтіні «баға» кілт сөзі арқылы жасалғанымен, семантикалық тұрғыдан жоғарыдағылармен сай келмейді. Онда саяси мақалада айтылғандай, бензиннің өсуі емес, пайыздық көрсеткішпен басқа тауарлар мен қызметтерде бұрын

болған баға төмендеуі сипатталады. Осылайша бастапқы мәтін идеясынан алшақтап, әлемді өз көзқарасы бойынша пайымдайды.

Енді «шенеунік» кілтті сөзі қолданылған интернет-түсіндірме мәтіндерін қарастырайық.

Bova. Елдегі шенеуніктердің бүкіл армиясын жұмыстан босату керек, өйткені елде бәрі күн сайын қымбаттап, қаржы жетіспеген кезде мемлекетке шенеуніктердің үлкен әскерін ұстаудың керегі шамалы! (**Bova.** Целую армию чиновников в стране надо уволить с работы, потому что многочисленную армию чиновников государству бесполезно соодержать в такое время, когда все дорожает с каждым днем и не хватает финансов в стране!). Интернет-түсіндірме мәтіндерін талдағанда бензин бағасының өсуіне себепші болған «шенеунік» кілт сөзі қолданылуы бойынша екінші орында тұр. Өйткені комментаторлар қарапайым халықтың өкілдері болғандықтан, халық атынан сөйлеп, олардың тілектерін білдіреді. Аталған жағдайда билік пен шенеуніктер болып жатқан барлық оқиғаларға кінәлі саналады. **Bova** деген лақап есімді комментатор өзінің мәтінін осы бағытта құрастырады. Ол барлық шенеуніктерді жұмыстан босатуды, осылайша бензинге ғана емес, басқа заттарға да бағаның өсу мәселесін тоқтатуды ұсынады. Көріп отырғанымыздай, түсіндірмеші әлемге деген өзінің қарапайым көзқарасын «шенеунік» кілт сөзі арқылы білдіреді, оны пайдасыз армия ретінде таниды.

Атинец99. Біздің елде кем дегенде бір құрылым тиімді жұмыс істей ме? Шенеуніктерді тыңдай қалсаң, барлығы шығынға бата жұмыс жасайды. Наурызда Энергетика министрлігі өкілінің сөйлеген сөзінде энергия өндірушілер өзіндік құннан төмен энергия босатқандықтан, өздеріне шығынға жұмыс істейді. Электр энергиясының бағасын көтеру керек деді. 1 сәуірден бастап көтерді. Енді мұнай және бензинмен байланысты барлық адамдар шығынмен жұмыс істейді, өйткені олар да өзіндік құннан төмен бағамен босатылады деп айтуда. Сұрақ. Егер энергетика, мұнай, автожанармай құю станцияларының иелері шығынға жұмыс істесе, онда топ менеджерлерге жоғары еңбекақы қайдан келеді? Егер бизнес тиімсіз болса, жыл соңында пайда қайдан келеді? Шындап келгенде, шығынға жұмыс істейтін кем дегенде бір кәсіпкерді көрсетіңізші. Егер пайда болмаса, салықты, қызметкерлерге еңбекақыны қалай төлейді? Сонда Қазақстанда кәсіпкерлер жоқ, тек еріктілер ғана ма. Біздің шенеуніктердің айтуынша, барлық ірі бизнестер үнемі шығынға ұшырайды. Елде тек шағын және орта бизнесте ғана кіріс бар ма сонда? Адамдарды күлдірмеңіздерші! Үкімет шенеуніктері бағаны көтеруді ғана емес, жұмыс істеуді қашан үйренеді? (**Атинец99.** У нас в стране хоть одна структура работает прибыльно? Как слушаешь наших чиновников, ну, прямо, все работают себе в убыток. В марте выступал представитель Минэнерго, который сказал, что производители энергии работают себе в убыток, т.к. отпускают энергию ниже себестоимости. Надо поднять цены на электроэнергию. С 1 апреля подняли. Теперь выступают и говорят, что все, кто связан с нефтью и бензином, также работают в убыток, т.к. отпускают ниже себестоимости. Вопрос: Откуда тогда такие бешенные з/п у топменеджеров, если, что энергетика, что нефтяники, что владельцы АЗС, работают в убыток? Если бизнес убыточен, откуда прибыль в конце года? Ну и, если честно, покажите хоть одного бизнесмена, который работает в убыток. Если нет прибыли, с чего будет платить налоги, з/п сотрудникам? Получается, что в Казахстане и бизнесменов тогда нет, одни волонтеры. Весь крупный бизнес, по словам наших чиновников, все время в убытке. Один малый и средний бизнес шикует в стране что ли? Не смешите уже людей! Когда уже чиновники из правительства научатся работать, а не просто цены поднимать?) **Атинец99** атты лақап есімді комментатор «шенеунік» кілт сөзін қолдану арқылы өз ойын жеткізеді. Бұл интернет-түсіндірме мәтінін бейнелейтін жаңа ойдың қалыптасуына түрткі болған. Ол бензин бағасының өсуі туралы саяси мәселені электр энергиясының, мұнай және т.б. бағаның өсуімен байланыстырады. Бағаның өсуіне, оның түсінігінше, жұмыс істей алмайтын шенеуніктер кінәлі. Комментатор өзінің дәлелдерін белгілі бір дәрежеде оған өзекті болып табылатын және әлемнің жеке құндылық бейнесін қалыптастыратын өмірден түрлі мысалдар келтіру арқылы түсіндіреді. Бұл құндылықтарды өзектендіру тілдік құралдарды қолдану негізінде байланыс процесінде жүреді.

Қорытынды

Осылайша, лингвистикалық талдау кілт сөздердің қарапайым тілдік санасы пайда болатын комментаторлардың құндылық әлеуетін көрсететінін байқатты. Зерттеу нәтижелері туынды мәтіндерде қолданылатын кілт сөздердің сандық деректерін салыстыру арқылы интернет-түсіндірмелердің мәтін сөзжасамының құндылық факторы деңгейін анықтауға ықпал етті. Тізімдегі

жетекші кілт сөздер (баға, Ресей, шенеунік, билік, егіс және егін жинау, бензин, мұнай, өнім) тілдік тұлға мәтінін өндірудің объективтілігімен қатар, субъективті жағын да көрсетеді.

Кілт сөздер арқылы түсіндірмешілер тек саяси көзқарасты ғана емес, сонымен бірге осы мәселені өзінің дүниетанымы бойынша ұсынуды, ел үшін және оның болашағы үшін тілек, ішкі тебіреністі де білдіреді.

Мақала ҚР БҒМ негізіндегі АР08053314 «Қоғам мен мемлекеттің жандандыру жағдайында ұлттық әлем бейнесі құндылықтарын қалыптастыру мәселесі (қазақстандық қарапайым саяси дискурсы материалдары негізінде)» жобасы шеңберінде орындалды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Баранов А.Н. Политический дискурс: методы анализа тематической структуры и метафорики / А.Н. Баранов, О.В. Михайлова, Г.А. Сатаров, Е.А. Шипова. — М.: Фонд «ИНДЕМ», 2004. — 94 с.
- 2 Ахатова Б.А. Политический дискурс и языковое сознание: моногр. / Б.А. Ахатова. — Алматы: Экономика, 2006. — 302 с.
- 3 Чудинов А.П. Политическая лингвистика: учеб. пос. / А.П. Чудинов. — М.: Флинта; Наука, 2006. — 256 с.
- 4 Опарина И.Г. Интернет в современном обществе (социально-философский анализ): автореф. дис. ... канд. филос. наук: спец. 09.00.11 — «Социальная философия» / И.Г. Опарина. — Красноярск, 2005. — 24 с.
- 5 Агагюлова С.И. Концепт «Интернет» в обиходном и профессиональном языковом сознании: автореф. дис. ... канд. филол. наук: спец. 10.02.19 — «Теория языка» / С.И. Агагюлова. — Волгоград, 2010. — 22 с.
- 6 Северина Е.А. Жанры коммуникации в интернет-среде / Е.А. Северина // Вестн. МГЛУ. — 2013. — № 15 (675). — С. 206–215.
- 7 Горощко Е.И. Новые тенденции в развитии интернет-лингвистики: общение от клавиатуры (звука) к экрану (звуку) / Е.И. Горощко // Верхневолж. филол. вестн. — Ярославль, 2016. — № 4. — С. 148–153.
- 8 Лебедева Н.Б. Жанры естественной письменной русской речи: студенческое граффити, маргинальные страницы тетрадей, частная записка / Н.Б. Лебедева. — М.: Красанд, 2011. — 256 с.
- 9 Холодковская Е.В. Особенности синтаксиса англоязычного интернет-комментария социальной сети Facebook / Е.В. Холодковская // Вестн. ВолГУ, 2014. — № 1. — С. 79–83.
- 10 Сайт Nur.kz [Электронный ресурс]. — Режим доступа <https://www.nur.kz/politics/kazakhstan-economy/1907061-200-tenge-za-litr-benzin-rezko-podorozhal-v-kazahstane/>
- 11 Бец М.В. Аксиологическая соотнесенность текста информационно-аналитической статьи и комментария в виртуальном пространстве Рунета: дис. ... канд. филол. наук / М.В. Бец. — Кемерово, 2012. — 189 с.
- 12 Залевская А.А. Психолингвистический подход к проблеме концепта / А.А. Залевская // Методологические проблемы когнитивной лингвистики: науч. изд.; под ред. И.А. Стернина. — Воронеж: ВГУ, 2001. — С. 36–44.

С.Ж. Ергалиева, М.А. Уайханова, С.В. Оленев

Лингвоаксиологический потенциал политического дискурса (на материале казахстанских интернет-комментариев)

Объектом исследования являются казахстанские политические интернет-комментарии. Выбор объекта обосновывается развитием информационных технологий, которые способствовали появлению разного вида жанров, где взаимосвязь языка и человека изучается в ином лингвистическом направлении. Цель исследования – определить ценностный фактор текстопорождения казахстанских политических интернет-комментариев в лингвоаксиологическом аспекте. Предмет исследования – соотнесенность ценностного потенциала исходного текста и ценностных установок виртуальной языковой личности, реализуемых в интернет-комментариях. Для изучения данного объекта использовались методы сбора и контекстуального анализа теоретического материала, сравнительные, обобщающие, описательные методы и метод количественной обработки данных. Исследование изучаемого объекта базируется на модели текстодериватологического и лингвоаксиологического анализа производных текстов, которые рассматриваются в формальном, содержательном и функциональном планах. Результаты исследования показали, что тексты казахстанских интернет-комментариев преобладают над ценностным потенциалом. Уровень ценностного потенциала обыденного политического дискурса был выявлен количеством употребляемых ключевых слов исходного текста в продуцировании вторичных текстов. Научная новизна исследования заключается в лингвоперсоналогическом и лингвоаксиологическом осмыслении доминанты текстовой деятельности при порождении интернет-комментариев в казахстанском виртуальном пространстве.

Ключевые слова: ценностный, политический, дискурс, комментарий, ключевое слово, процесс связи, интернет-лингвистика.

S.Zh. Yergaliyeva, M.A. Uaikhanova, S.V. Olenev
**Linguoaxiological Potential of Political Discourse
(based on Kazakhstan's Internet comments)**

The object of the research is Kazakhstan's political Internet commentaries. The choice of the object is justified with the development of information technologies, which contributed to the emergence of various types of genres, where the relationship between language and a person is studied in a different linguistic direction. Determining the valuable factor of the text generation of Kazakhstan's political Internet commentaries in the linguoaxiological aspect is the aim of the study. The subject of the research is the correlation of the valuable potential of the source text and the valuable attitudes of the virtual linguistic personality, realized in the Internet comments. To study this object, methods of collection and contextual analysis of theoretical material, comparative, generalizing, descriptive methods and a method of quantitative data processing were used. The examined object is based on the model of text-derivatological and linguoaxiological analysis of derived texts, which are considered in formal, content and functional terms. The results of the study showed that the texts of Kazakhstan Internet comments prevail with value potential. The level of the valuable potential of everyday political discourse was revealed by the number of used keywords of the original text in the production of secondary texts. The scientific novelty of the research lies in the linguo-personalological and linguoaxiological comprehension of the dominant textual activity when generating Internet comments in the Kazakh virtual space.

Keywords: valuable, political, discourse, commentary, key word.

References

- 1 Baranov, A.N., Mikhailova, O.V., Satarov, G.A., & Shipova, E.A. (2004). *Politicheskii diskurs: metody analiza tematicheskoi struktury i metaforiki* [Political discourse: methods of analyzing thematic structure and metaphor]. Moscow: «INDEM» Foundation [in Russian].
- 2 Akhatova, B.A. (2006). *Politicheskii diskurs i yazykovoie soznanie* [Political discourse and linguistic consciousness]. Almaty: Ekonomika [in Russian].
- 3 Chudinov, A.P. (2006). *Politicheskaiia lingvistika* [Political linguistics]. Moscow: Flinta; Nauka [in Russian].
- 4 Oparina, I.G. (2005). Internet v sovremennom obshchestve (sotsialno-filosofskii analiz) [Internet in modern society (socio-philosophical analysis)]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Krasnoyarsk [in Russian].
- 5 Agagyulova, S.I. (2010). Kontsept «Internet» v obikhodnom i professionalnom yazykovom soznanii [Concept «Internet» in everyday and professional linguistic consciousness]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Volgograd [in Russian].
- 6 Severina, E. A. (2013). Zhanry kommunikatsii v internet-srede [Genres of communication in the Internet environment]. *Vestnik MGLU — Bulletin MGLU*, 15 (675), 206–215 [in Russian].
- 7 Goroshko, E.I. (2016). Novye tendentsii v razvitiie internet-lingvistiki: obshchenie ot klaviaturnykh zvukov k ekranu (zvuk) [New trends in the development of Internet linguistics: communication from the keyboard (sound) to the screen (sound)]. *Verkhnevolzhskii filologicheskii vestnik — Verkhnevolzhsky philological bulletin*, 4, 148–153. Yaroslavl [in Russian].
- 8 Lebedeva, N.B. (2011). *Zhanry estestvennoi pismennoi russkoi rechi: studencheskoe graffiti, marginalnye stranitsy tetradei, chastnaia zapiska* [Genres of natural written Russian speech: student graffiti, marginal pages of notebooks, private note]. Moscow: Krasand [in Russian].
- 9 Kholodkovskaya, E.V. (2014). Osobennosti sintaksisa angloiazychnogo internet-kommentariia sotsialnoi seti Facebook [Features of the syntax of the English-language Internet commentary of the social network Facebook]. *Vestnik VolGU — Bulletin of VolSU*, 1, 79–83 [in Russian].
- 10 Sait *Nur.kz* [Site *Nur.kz*]. Retrieved from <https://www.nur.kz/politics/kazakhstan-economy/1907061-200-tenge-za-litr-benzin-rezko-podorozhal-v-kazahstane/> [in Russian].
- 11 Bets, M.V. (2012). Aksiologicheskaiia sootnesennost teksta informatsionno-analiticheskoi stati i kommentariia v virtualnom prostranstve Runeta [Axiological correlation of the text of an information-analytical article and a commentary in the virtual space of the Runet]. *Candidate's thesis*. Kemerovo [in Russian].
- 12 Zalevskaya, A.A. (2001). Psikholingvisticheskii podkhod k probleme kontsepta [Psycholinguistic approach to the problem of the concept]. *Metodologicheskie problemy kognitivnoi lingvistiki — Methodological problems of cognitive linguistics*. I.A. Sternin (Ed.). Voronezh: Izdatelstvo Voronezhskogo gosudarstvennogo universiteta [in Russian].